

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 756 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 желтоқсанда № 37569 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 376 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22593 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22665 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланған күннен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 756 Бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 21 сәуірдегі
№ 376 бұйрықпен бекітілген

Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 418-бабы 20-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және мемлекеттік кірістер органының тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидалар шеңберінде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) жазбаша қарсылық – тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісінің нәтижелерімен жазбаша келіспеуі;

2) көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісі – мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы жасаған көшпелі кедендік тексерудің алдын ала нәтижелері туралы құжат.

Осы Қағидаларда пайдаланатын өзге де ұғымдар Кодекске сәйкес қолданылады.

2-тарау. Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету тәртібі мен мерзімдері

3. Кодекстің 418-бабының 19-тармағында көзделген көшпелі кедендік тексеру актісі жасалғанға дейін мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін жібереді немесе табыс етеді.

4. Көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісі тексерілетін тұлғаға Кодекстің 416-бабы 11-тармағымен белгіленген талаптарына сәйкес көшпелі кедендік тексеру аяқталу күніне 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қол қойғызып тапсырылады немесе жіберіледі.

Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін табыс ету кезінде мемлекеттік кірістер органы Кодекстің 418-бабы 18-тармағының талаптарына сәйкес тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексеруді тоқтата тұру туралы хабардар етуді жібереді немесе табыс етеді.

5. Тексерілетін тұлғаға көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін табыс ету немесе тексерілетін тұлғаның тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша тексерілетін тұлғаның болмауына байланысты пошта операторы немесе байланыс операторы оны қайтару мүмкіндігі болмаған кезде, мемлекеттік кірістер органы осындай құжаттар қайтарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) куәгерді тарта отырып, осындай тұлғаның орналасқан жері бойынша зерттеп-қарауды жүргізеді.

Зерттеп-қарау нәтижелері бойынша зерттеп-қарау актісі жасалады, онда:

- 1) актінің жасалған орны, күні мен уақыты;
- 2) актіні жасаған мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 3) мемлекеттік кірістер органының атауы;
- 4) тартылған куәгерлердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;
- 5) тексерілетін тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы, оның жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 6) зерттеп-қарау нәтижелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Куәгер ретінде мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы мен тексерілетін тұлғаның әрекеттері нәтижесіне мүдделі емес, кәметке толған, әрекетке қабілетті кез келген азамат шақырылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды адамдары мен тексерілетін тұлғаның жұмыскерлеріне, құрылтайшыларына (қатысушыларына) куәгерлер ретінде қатысуға жол берілмейді.

Зерттеп-қарау нәтижесінде тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша тексерілетін тұлғаның іс жүзінде болмауы анықталған кезде, зерттеп-қарау актісін жасаған күн көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін табыс еткен күн болып табылады.

3-тарау. Тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну және мұндай қарсылықты қарау тәртібі мен мерзімдері

6. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 144-бабы 3-тармағына сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын тексерілетін тұлғаларды қоспағанда, көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығын көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін алған немесе табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына ұсынады.

Бұл ретте ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын тексерілетін тұлғаның көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығы көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісін алған немесе табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына табыс етіледі.

Көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығын мынадай тәсілдермен ұсынады:

- 1) келу тәртібімен – қағаз жеткізгіште;
- 2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен – қағаз жеткізгіште;
- 3) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы арқылы – электрондық нысанда.

Бұл ретте көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының жазбаша қарсылықты қабылдаған және тіркеген күні жазбаша қарсылық келіп түскен күн болып табылады.

7. Жазбаша қарсылықта:

- 1) көшпелі кедендік тексеруді жүргізетін мемлекеттік кірістер органының атауы;
- 2) жазбаша қарсылықты беруші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) не толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);
- 3) жазбаша қарсылықты беретін тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 4) жазбаша қарсылық берілген күн;
- 5) жазбаша қарсылық беруші тұлға өзінің талаптарын және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелерді негіздейтін мән-жайлар;
- 6) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

8. Тексерілетін тұлға бұрын берілген жазбаша қарсылықты кері қайтарып алу туралы шешім қабылдаған кезде көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органына қабылданған шешім туралы хабарлайды.

9. Жазбаша қарсылығын көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы онда көрсетілген мәселелер шегінде ол келіп түскен күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Бұл ретте, жазбаша қарсылықты қарау мерзімі:

1) осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жазбаша сұрау салу жолдаған кезде – осындай сұрау салу жолданған күннен бастап жауапты алған күнге дейінгі кезеңге;

2) осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес тексерілетін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттің тиісті органына және (немесе) өзге ұйымдарға сұрау салу жолдаған кезде – осындай сұрау салу жолданған күннен бастап жауапты алған күнге дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады.

Көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылығын қарау мерзімдері тоқтатыла тұрған жағдайда тексерілетін тұлғаға сұрау салу жолданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мынадай тәсілдермен:

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

электрондық тәсілмен веб-қосымшасына немесе пайдаланушының жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталындағы осындай тоқтата тұру туралы ақпаратты жолдайды.

Көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органы жазбаша қарсылығын қарау мерзімдері қайта басталған кезде тексерілетін тұлғаға сұрау салуға жауап алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сондай қайта бастау туралы ақпаратты келесі тәсілдермен:

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

электрондық тәсілмен веб-қосымшасына немесе пайдаланушының жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталындағы осындай қайта бастау туралы ақпаратты жолдайды.

10. Көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылығымен келіспеген кезде жазбаша қарсылық қаралатын мерзім ішінде мынадай:

1) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 144-бабы 3-тармағына сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын;

2) инвестициялық және (немесе) арнайы инвестициялық келісімшарттар жасаған тексерілетін тұлғаға қатысты Комитетке сұрау салу жолдайды.

Сұрау салуға мынадай құжаттар:

1) көшпелі кедендік тексерудің алдын ала актісі;

2) жазбаша қарсылығы;

3) мемлекеттік кірістер органының ұстанымы;

4) есептер, сондай-ақ көшпелі кедендік тексеру барысында алған жазбаша қарсылығында жазылған мәселелерді қозғайтын өзге де құжаттар мен мәліметтер қоса беріледі.

11. Комитет көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын, оны Комитетте тіркеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, қарсылық берген тұлға өзінің аталған мән-жайларды растайтын талаптары мен дәлелдерін негіздеген мән-жайлар шегінде, сондай-ақ көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының ұстанымында көрсетілген дәлелдер мен негіздемелер шегінде қарайды.

Комитет мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын қарау кезінде тексеретін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарына жазбаша қарсылықта жазылған мәселелер бойынша ақпараттар не түсіндірулер ұсыну туралы сұрау салуды жолдайды.

Бұл ретте сұрау салуды қарау мерзімі Кодекстің 418-бабының 18-тармағында көзделген мерзімдерді ескере отырып, сұрау салу жіберілген күннен бастап жауап алынған күнге дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатылады.

Сұрау салуды қараудың қорытындысы бойынша Комитет көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына жазбаша қарсылығында жазылған мәселелер бойынша дәлілделген негіздемемен жауап жолдайды.

12. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілмеген тексеретін тұлғаның жазбаша қарсылығын қарау кезінде көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылықты қарау мерзімі ішінде тексеретін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарына жазбаша қарсылықта жазылған мәселелер бойынша ақпараттар не түсіндірулер ұсыну туралы сұрау салуды жолдайды.

Бұл ретте көрсетілген сұрау салуларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 44-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды.

Шетел мемлекетінің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген мерзімде жазбаша қарсылығын қараудың қорытындысы бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес ұсынылған сұрау салуға жауапты ескере отырып, Кодекстің 418-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде тексерілетін тұлғаға:

1) Кодекстің 418-бабының 18-тармағының талаптарына сәйкес көшпелі кедендік тексеруді жаңарту туралы хабарламаны;

2) Кодекстің 418-бабының 21-тармағының талаптарына сәйкес көшпелі кедендік тексеру актісін табыс ету жолымен көшпелі кедендік тексеруді жаңартады және аяқтайды.

14. Тексерілетін тұлға осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген мерзімде жазбаша қарсылықты ұсынбаған немесе тексерілетін тұлға жазбаша қарсылықты кері қайтарған кезде, көшпелі кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы Кодекстің 418-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде тексерілетін тұлғаға:

1) Кодекстің 418-бабының 18-тармағының талаптарына сәйкес көшпелі кедендік тексеруді жаңарту туралы хабарламаны;

2) Кодекстің 418-бабының 21-тармағының талаптарына сәйкес көшпелі кедендік тексеру актісін табыс ету жолымен көшпелі кедендік тексеруді жаңартады және аяқтайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 756 Бұйрығына
2- қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 29 сәуірдегі
№ 413 бұйрықпен
бекітілген

Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 417-бабының 9-1-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және мемлекеттік кірістер органының тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету, тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қарау тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидалар шеңберінде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) жазбаша қарсылық – тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісінің нәтижелерімен жазбаша келіспеуі;

2) камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісі – мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы жасаған камералдық кедендік тексерудің алдын ала нәтижелері туралы құжат.

Осы Қағидаларда пайдаланатын өзге де ұғымдар Кодекске сәйкес қолданылады.

2-тарау. Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жіберу немесе табыс ету тәртібі мен мерзімдері

3. Кодекстің 417-бабының 9-1-тармағында көзделген камералдық кедендік тексеру актісі жасалғанға дейін, мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін жібереді немесе табыс етеді.

4. Камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісі тексерілетін тұлғаға Кодекстің 416-бабы 11-тармағымен белгіленген талаптарына сәйкес камералдық кедендік тексеру аяқталу күніне 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қол қойғызып тапсырылады немесе жіберіледі.

5. Тексерілетін тұлғаға камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін табыс ету мүмкіндігі болмаған кезде немесе тексерілетін тұлғаның тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша тексерілетін тұлғаның болмауына байланысты пошта операторы немесе байланыс операторы оны қайтарғанда, мемлекеттік кірістер органы осындай құжаттар қайтарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) куәгерді тарта отырып, осындай тұлғаның орналасқан жері бойынша зерттеп-қарауды жүргізеді.

Зерттеп-қарау нәтижелері бойынша зерттеп-қарау актісі жасалады, онда:

1) актінің жасалған орны, күні мен уақыты;

2) актіні жасаған мемлекеттік кірістер органы лауазымды адамының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) мемлекеттік кірістер органының атауы;

4) тартылған куәгерлердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;

5) тексерілетін тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы, оның жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

6) зерттеп-қарау нәтижелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Куәгер ретінде мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы мен тексерілетін тұлғаның әрекеттері нәтижесіне мүдделі емес, кәмелетке толған, әрекетке қабілетті кез келген азамат шақырылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының

лауазымды адамдары мен тексерілетін тұлғаның жұмыскерлеріне, құрылтайшыларына (қатысушыларына) куәгерлер ретінде қатысуға жол берілмейді.

Зерттеп-қарау нәтижесінде тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша тексерілетін тұлғаның іс жүзінде болмауы анықталған кезде, зерттеп-қарау актісін жасаған күн камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін табыс еткен күн болып табылады.

3-тарау. Тексерілетін тұлғаның камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылықты ұсыну, сондай-ақ мұндай қарсылықты қараудың тәртібі мен мерзімдері

6. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 144-бабының 3-тармағына сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын, тексерілетін тұлғаларды қоспағанда, камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығын камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін алған немесе табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына ұсынады.

Бұл ретте ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын, тексерілетін тұлғалар камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығын камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісін алған немесе табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына ұсынады.

Камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылығын мынадай тәсілдермен:

- 1) келу тәртібімен – қағаз жеткізгіште;
- 2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен – қағаз жеткізгіште;
- 3) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы арқылы – электрондық нысанда ұсынады.

Бұл ретте камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының жазбаша қарсылықты қабылдаған және тіркеген күні жазбаша қарсылық келіп түскен күн болып табылады.

7. Жазбаша қарсылықта:

- 1) камералдық кедендік тексеруді жүргізетін мемлекеттік кірістер органының атауы ;
- 2) жазбаша қарсылықты беруші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) не толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);
- 3) жазбаша қарсылықты беретін тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН);
- 4) жазбаша қарсылық берілген күн;

5) жазбаша қарсылық беруші тұлға өзінің талаптарын және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелерді негіздейтін мән-жайлар;

6) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

8. Тексерілетін тұлға бұрын берілген жазбаша қарсылықты кері қайтарып алу туралы шешім қабылдаған кезде камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органына қабылданған шешім туралы хабарлайды.

9. Жазбаша қарсылығын камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы онда көрсетілген мәселелер шегінде жазбаша қарсылық келіп түскен күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Бұл ретте, жазбаша қарсылықты қарау мерзімі:

1) осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі – Комитет) жазбаша сұрау салу жолдаған кезде – осындай сұрау салу жолданған күннен бастап жауап алынған күнге дейін;

2) осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес тексерілетін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттің тиісті органына және (немесе) өзге ұйымдарға сұрау салу жолдаған кезде – осындай сұрау салу жолданған күннен бастап жауап алынған күнге дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылығын қарау мерзімдері тоқтатыла тұрған жағдайда тексерілетін тұлғаға сұрау салу жолданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мынадай тәсілдермен:

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

электрондық тәсілмен веб-қосымшасына немесе пайдаланушының жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталындағы осындай тоқтата тұру туралы ақпаратты жолдайды.

Камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органы жазбаша қарсылығын қарау мерзімдері қайта басталған кезде тексерілетін тұлғаға сұрау салуға жауап алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сондай қайта бастау туралы ақпаратты келесі тәсілдермен:

хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

электрондық тәсілмен веб-қосымшасына немесе пайдаланушының жеке кабинетіне "электрондық үкімет" веб-порталындағы осындай қайта бастау туралы ақпаратты жолдайды.

10. Камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылығымен келіспеген кезде мынадай:

1) Салық кодексінің 144-бабының 3-тармағына сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын;

2) инвестициялық және (немесе) арнайы инвестициялық келісімшарттар жасаған тексерілетін тұлғаға қатысты Комитетке сұрау салу жолдайды.

Сұрау салуға мынадай құжаттар:

- 1) камералдық кедендік тексерудің алдын ала актісі;
- 2) жазбаша қарсылығы;
- 3) камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының жазбаша ұстанымы;
- 4) есептер, сондай-ақ камералдық кедендік тексеру барысында алған жазбаша қарсылығында жазылған мәселелерді қозғайтын өзге де құжаттар мен мәліметтер қоса беріледі.

11. Комитет камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын, оны Комитетте тіркеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, қарсылық берген тұлға өзінің аталған мән-жайларды растайтын талаптары мен дәлелдерін негіздеген мән-жайлар шегінде, сондай-ақ камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының ұстанымында көрсетілген дәлелдер мен негіздемелер шегінде қарайды.

Комитет камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын қарау кезінде, тексеретін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарына жазбаша қарсылықта жазылған мәселелер бойынша ақпараттар не түсіндірулер ұсыну туралы сұрау салуды жолдайды.

Бұл ретте сұрау салуды қарау мерзімі сұрау салуды жолдаған күннен бастап жауап алған күнге дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Сұрау салуды қараудың қорытындысы бойынша Комитет камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына жазбаша қарсылығында жазылған мәселелер бойынша дәлілделген негіздемемен жауап жолдайды.

12. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілмеген тексеретін тұлғаның жазбаша қарсылығын қарау кезінде камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы жазбаша қарсылықты қарау мерзімі ішінде тексеретін тұлғаға және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, сондай-ақ шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарына жазбаша қарсылықта жазылған мәселелер бойынша ақпараттар не түсіндірулер ұсыну туралы сұрау салуды жолдайды.

Бұл ретте көрсетілген сұрау салуларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 44-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды.

Шетел мемлекетінің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген мерзімде жазбаша қарсылығын қараудың қорытындысы бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес ұсынылған сұрау салуға жауапты ескере отырып, тексерілетін тұлғаға Кодекстің 417-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес камералдық кедендік тексеру актісін табыс ету жолымен Кодекстің 417-бабында белгіленген тәртіппен және мерзіммен камералдық кедендік тексеруді аяқтайды.

14. Осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген мерзімде тексерілетін тұлға жазбаша қарсылықты ұсынбаған немесе тексерілетін тұлға жазбаша қарсылықты кері қайтарып алған кезде, камералдық кедендік тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органы тексерілетін тұлғаға Кодекстің 417-бабының 9-тармағының талаптарына сәйкес камералдық кедендік тексеру актісін жолдау немесе табыс ету жолымен Кодекстің 417-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде камералдық кедендік тексеруді аяқтайды.